

Мамытканов Д.К.
Қайырымдылық – әлеуметтік институт ретінде

Қазіргі егеменді Қазақстанда қайырымдылық ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Қайырымдылықтың дамуы бүгінгі қоғамның әр салаларынан көрініс табуда. Қазақстанда көптеген қайырымдылық қорлар құрылып, әлеуметтік салада әл-ауқаттылықты жақсартудың негізгі көзіне айналып отыр. Бұл мақалада қайырымдылық әлеуметтік институт ретінде құрылымы, ерекшеліктері қарастырылады және Қазақстандағы қайырымдылық ұйымдардың қызметіне талдау жасалынған.

Түйін сөздер: қайырымдылық, филантропия, меценаттылық, қайырымдылық қорлар, әлеуметтік саясат, әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік топтар, әлеуметтік қамсыздандыру, кәсіпкерлік.

Мамытканов D.K.
Charity – as a social institution

Charity is one of the topical issues in the world today. Today, the implementation of charitable activity is observed in various spheres of social life. Created in Kazakhstan numerous philanthropic foundations are the major sources of blagosostyaniya improvement in the social sphere. Currently, a new value is interpreted universal moral values, including compassion, their role in the humanization of interpersonal relations. Charity – a universal human value, one of the most important attributes of a civil society.

Charity in the modern world is a complex and multifaceted social phenomenon, which has a great influence on the social development of society. Charity is necessary in order to reduce social tension and mitigate the pressing social problems. Blagotvoritelnost is increasingly becoming a tool by ktorogo society to meet their basic social, obschechelovecheskie needs. That's why now plays an important role learning the basics of philanthropy.

The state, being interested in maintaining stable social relations must be seen in one of the most important charity levers in solving social problems and thus contribute to the development of charitable activity, creating a favorable political, economic, legal and institutional conditions for its development. The most important mediator in the charity is a charitable organization, the possibility of which are determined by its social mission and certain benefits, optimizing its participation in charitable activities. Unlike other intermediaries only in her exercise of charity or for the creation of appropriate conditions is the objective function and social mission.

Charitable organizations provide considerable assistance to government agencies, taking over part of the functions of the state. Hence, charitable organizations in the system of social assistance and protection of the population play an important role. All this helps to provide more effective assistance to people in need.

Blagotvoritelnost enables society to serve their own interests, for example directly, without the mediation of the state. Charity obespechi-vaet redistribution of income from the most to the least wealthy citizens imuschim shortest route and as quickly as possible.

This article describes the structure and characteristics of charity as a social institution, and also analyzed the activities of charitable organizations in the Republic of Kazakhstan.

Key words: charity, philanthropy, philanthropy, charities, social policy, social inequality, social welfare, social responsibility, social groups, social welfare, social security, entrepreneurship.

Мамытканов Д.К.
Благотворительность как социальный институт

Благотворительность является одной из актуальных тем в современном мире. Сегодня осуществление благотворительной деятельности наблюдается в разных сферах социальной жизни общества. Созданные в Казахстане многочисленные благотворительные фонды становятся основными источниками улучшения благосостояния в социальной сфере. В данной статье рассмотрены структура и особенности благотворительности как социального института, а также проанализирована деятельность благотворительных организаций в Республике Казахстан.

Ключевые слова: благотворительность, филантропия, меценатство, благотворительные фонды, социальная политика, социальная ответственность, социальные группы, социальное обеспечение, предпринимательство.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ РЕТІНДЕ

Қайырымдылық – универсалды жалпыадамзаттық құндылық, азаматтық қоғамның маңызды нысандарының бірі. Бұл өнегелік іс және көмек берушінің моральды қасиеттері, ол адамдар арасындағы өнегелік қарым-қатынастары, класс, қоғамдық топтың әлеуметтік әділетті қызметі, жалпы қоғамның әділеттірек күйінің көрсеткіші.

Қайырымдылық мәселесі көптеген саяси гуманитарлық ғылымдарда зерттелініп келе жатыр. Қайырымдылықтың тамыры ежелгі болғандықтан, ерте заманнан бері қарай атақты ірі ойшыл – ғалымдардың, мемлекет қайраткерлерінің жазған ғылыми еңбектерінде, айтқан нақыл сөздерінде бұл мәселе жан-жақты айтылған. Өркениетті елдерде, олардың саясатында қайырымдылық басым бағыт алды, оның формалары мен жүзеге асыру тәсілдері үнемі дамып отырды. Әлемдік тәжірибеде дәлелденгендей, қайырымдылық өзінің шынайы мағынасында экономикасы тұрақты, әлеуметтік саясат пен адам құқықтарын қорғау жүйесі бар дамыған азаматтық қоғамда тиімдірек дамиды.

Қайырымдылық грек тілінде «*eleemon*» – «қайырымды, мейірімді, ізгі ниетті» деген мағына береді, ал шіркеу тілінде ол «*Caritabilis*» сөзімен айтылып, қайырымдылық мағынасын білдірген. Тертуллиан, Иероним, Августин сияқты христиандар грек тілінен «*eleemosyne*», яғни біреудің қайғысына ортақтасу, аяушылық білдіру деген сөзді алып қолданған. Ертедегі латын тілінде бұған ұқсас сөз болмаған. Ағылшын протестант діндарлары 1880 жылы ағылшын тілінде жазылған жаңа ілімнің аудармасын қайта қарап, ондағы «*caritas*» және «*love*» деген сөзбен алмастырған, яғни «достық», «махаббат» деген сөздерімен береді. Шындығында алғашқы христиан дінінің іс-әрекеті мен ойы соның дәлелі [1, 23 б.]

Қайырымдылыққа деген көзқарас барлық ғасырларда көптеген әлем мемлекеттерінде бірдей болмады. Мұнда бұл құбылысты зерттеуде әлеуметтік қадамдар ерекше орынға ие.

Позитивті көзқарас қайырымдылық қызмет бұл – мемлекет уақытында және қажет көлемде жасай алмайтын, қажет ететін адамдарға қиын жағдайда көмек көрсету. Бұл бағытты жақтаушылардың негізгі аргументтері:

– ойластырылған жүйелі түрдегі қайырымдылық «көмектес және үйрет» принципін жүзеге асырады (балық берумен қатар,

қармақ беріп сол балықты аулауға үйрет). Нәтижесінде қайырымдылық көптеген әлеуметтік проблемаларды шеше отырып, көмек беріп қана қоймай, білімдер мен тәжірибе алуға көмектеседі;

– қайырымдылық қызмет ерікті бастамалардың дамуына, белсенді азаматтық позицияның қалыптасуына және әлеуметтік проблемаларды шешуге азаматтарды тартуға көмектеседі;

– қайырымдылық азаматтық қоғам мен коммерциялық емес ұйымдардың қызмет негіздерінің бірі болып табылады;

– қайырымдылық әр кезде ағартушылық пен мәдениет дамуына ықпал етті: шәкіртақы тағайындау, суретшілер мен әртістерді қолдау, бұзылған тарихи маңызды объектілерді қалпына келтіру т.б.

Негативті көзқарас қайырымдылық көмектесумен қатар, адамда кейбір теріс мінездің қалыптасуына әсер етеді. Адамды еңбектен ажыратады және ол қоғамға пайда әкелмейді. Келесі аргументтер келтіріледі:

– қайырымдылық әлеуметтік проблемалардың себептеріне емес, олардың салдары әсер етеді;

– қайырымдылық көмек берушіні де, алушыны да тәуелділікке мәжбүрлейді.

Сонымен, қайырымдылық және меценаттық сынын үш бағытқа бөлуге болады: негативтік, этикалық, утилитаристік. П. Лафарг өзінің «Қайырымдылық» трактатында қайырымдылық пен меценаттық туралы өзінің көзқарасын келтіреді. Ол филантропияны мағынасыз және өнегеліліксіз деп анықтайды, өйткені ол кедейлер мен қамтылмаған адамдардың жағдайын дұрыстамайды, керісінше қиындатып алады [2; 25 б.].

П. Лафарг қайырымдылықты дамыту арқылы кедейшілікті, тұрғын үй проблемасын және т.б. әлеуметтік ауруларды жояды деген иллюзорлық негіздерден аулақ болуды меңзейтін негативтік бағыт өкілі.

Утилитаристік сын пайдалылық принципіне сүйене отырып, әділетсіздік пен қайырымдылық туралы мәселелерін алға қояды. Оның мәні – кез келген аз қамтылған адамға көмекке деген құқығын қанағаттандыру және онымен қатар оған проблемаларын өз күшімен шешуге үміт беру. Бұл бағытты Д. Милль ұсынды. Оның ойынша, көмек стимул беретіндей жасалуы қажет. Сыртқы көмек өзіне өзі жасайтын көмек қажеттілігін ауыстырмауы қажет. Бұл принцип Д. Милль пікірінше, қайырымдылық пен меценаттық бағдарламаларын құруда басты критерий болуы қажет. Утилитаристік сын толық қайырымдылықты сынаған жоқ, тек оны іске асырудың прагматикалық әдістерін шығаруға тырысты.

Этикалық бағыт қайырымдылық пен меценаттық концепцияларын қоғамның құндылықтары туралы ойлар негізінде құрады және көбінесе адами бағыттылық мәселелеріне әкеледі. Бұл идея XIX ғасырдың соңғы ширегінде социалистік идеялардың таралуына байланысты өзекті болды. Ғалымдар әділеттілік мәнін теңдік орнату арқылы айқындады [3; 135 б.].

Сонымен қатар, қайырымдылық қызметке итермелейтін жағдайлар да өте маңызды. Қайырымдылық қызмет мотивтерін түсінуге зерттеулік қызығушылықтар көптеген гуманитарлық ғылымдарда орын алады, әрқайсысы өз нұсқасын көрсетеді. Мысалы, философтар мен тарихшылар айтуынша, қайырымдылыққа итермелейтін мотивтері ретінде мейірбандылық, альтруизм, аяныш, құрбандық болу және құдайдан қорқуды келтіреді. Әлеуметтанушылар доминантты мотивтер ретінде қоғамдық мойындау және имидждік өзін бағалауды көтеруді бөледі. Әлеуметтік психология қайырымдылықпен айналысатындардың альтруистік мотивациясын және қайырымдылықтағы тұлғааралық қарым-қатынасты ерекше «гуманитарлық келісім» ретінде қарастырады.

Қайырымдылық қоғамдық-әлеуметтік құбылыс ретінде белгілі қызметтер (функция) атқарады:

Байланыс қызметі (коммуникативтік). Елімізде құрылған қайырымдылық ұйымдары мен қорларының қоғамның әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарына, зейнеткерлерге, мүгедектерге, жетімдірге, көп балалы отбасыларына т.б. көрсеткен көмектері арқасында олармен байланыста болуы.

Қоғамдағы әлеуметтік сананы қалыптастыру қызметі. Қайырымдылық ұйымдары мен қорлары мәдени іс-шараларды ұйымдастыруы, еліміздегі білім, ғылым, мәдени орталықтарын, дарынды балаларды қолдап, жеке өнер адамдарының көрмелерін ұйымдастырып өткізуге көмектесу арқылы қоғамда беделге ие болуы.

Қайырымдылықтың әлеуметтік «есте сақтау» қызметі. Қазақ халқының тереңде жатқан тарихынан тағылым алып, жас ұрпақты Отанын, елін, жерін сүйуге шақырып, аталар дәстүрінен үйренуге үгіттеу, ұлтаралық үйлесімділік пен жарасымдылықты насихаттау, қазақ халқы мен Қазақстанды мекендейтін басқа да ұлт өкілдерінің рухани және қолданбалы мәдениетін жаңғыртуға жәрдемдесу. Адамдарды өткен тарихына, киелі мекеніне бас июге шақыру, халқымыздың рухани байлығын білуге көмектесу.

Қазақстандықтардың әл-ауқатын, қауіпсіздігін жақсарту, гулдену, дамуын «Қазақстан 2030»

стратегиясында Президентіміз Н.Ә. Назарбаев атап өткендей, еліміздің дамуының басым бағыттарының бірі – тұрғындардың материалдық және әлеуметтік әл-ауқаты болып табылады. Әлеуметтік жағдайдың жақсаруы, халықтың әлжуаз топтарын әлеуметтік қолдау, қорғауға ат салысу. Қазіргі егеменді Қазақстанда қайырымдылық ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Бұл құбылыс бұрынғы Кеңес Одағы кезінде де орын алған, онда қайырымдылық істерімен мемлекет және қоғамдық орындар, ұйымдар айналысып отырған. Маркстік идеологтар Кеңес қоғамын, социализмді әрбір адам толығынан қамқоршылық, қайырымдылық жасайтын қоғам деп түсіндірген. Ал шын мәнінде Кеңес Одағы кезінде де нақты өмірде мұқтаждық, жоқшылық, жетімдік көрген, азғындаған адамдар саны аз болған жоқ. Түрлі ауруларға шалдыққан, мүгедек, жетім- жесір адамдардың Кеңес Одағы кезеңінде болғаны белгі. Бұрынғы үкімет қаулыларында және партия съездерінде, әрбір бесжылдық жоспарларында халыққа жақсы тұрмыстық жағдай жасау үнемі жазылып, жарияланып отырған. Қазақстанның гүлденуі үшін Республиканың барлық халықтарының ынтымақтасуына, әр адамның бақыты мен бостандығына, барлық азаматтардың материалдық және рухани мәдениетін көтеруге қамқорлық жасауы қажет» – делінген Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасында.

Қазіргі Қазақстан қоғамды қайта құрудың неғұрлым оңтайлы да демократиялық жолдарын іздестіру үстінде. Бұл ізденісті өрбіте түсу қисыны әлеуметтік мәселелерді шешуге бағдарланған нарықтық экономикасы бар азаматтық үлгідегі қоғам құруға қарай ілгерілеуде. Кез келген қоғамның, әсіресе әлеуметтік және технологиялық тұрғыдан «күрделі» саналатын осы заманғы елдердің алдына тұрған проблема – экономикалық тиімділік пен әлеуметтік тұрақтылықтың ұтымды әдісін іздестіру болып отыр. Өтпелі кезеңдегі әлеуметтік саясаттың аса маңызды мақсаты – жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқтың жаршысы бола алатын ортаңғы топты қалыптастыру.

Қайырымдылық әлеуметтік саясаттың бір саласы тұрғысында Қазақстан Республикасы Конституциясында да, басқа бірнеше заңдарда да негізделді.

Сондықтан қайырымдылық қызметпен айналысқанда заң анықтамаларын басшылыққа алу керек: «Қайырымдылық қызмет деп ерікті азаматтар мен юридикалық тұлғалардың қайтарымызсыз немесе жеңілдіктер негізінде азаматтарға

және юридикалық тұлғаларға мүлік, қаржы, қызмет көрсету, ақысыз жұмыстар орындау т.б. қолдау көрсетуді айтады».

Заң қайырымдылыққа анықтама беріп қоймай, сонымен қатар қайырымдылық қызметтің мақсаттарын айқындайды.

Қайырымдылық қызмет келесі мақсаттар негізінде жасалады:

- аз қамтылғандардың материалдық жағдайын жақсартуды, жұмыссыздарды әлеуметтік оңалту, мүгедектерді және т.б. қосатын белгілі бір физикалық немесе интеллектуалды ерекшеліктерге т.б. себептерге байланысты өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өздері іске асыра алмайтын азаматтарды әлеуметтік қолдау мен қорғау;

- халықты экологиялық, табиғи, өндірістік апаттар немесе басқа апат салдарын жеңу үшін дайындау, бақытсыз жағдайлардың алдын алу;

- апаттар нәтижесінде жарақаттанғандарға немесе әлеуметтік, ұлттық, діни қайшылықтар мен репрессия құрбандарына көмек көрсету;

- халықтар арасында бейбітшілік, достық және өзара келісімді қатайтуға әсер ету, әлеуметтік, ұлттық, діни конфликтілердің алдын алу, болдырмау;

- ана мен бала, әкелікті қорғауға көмектеседі;

- білім беру, ғылым, мәдениет, өнер, ағартушылық, тұлғаның рухани дамуына көмек;

- азаматтардың алдын алу және денсаулық саласындағы қызметке көмектесу, сонымен қатар салауатты өмір салтын тарату, азаматтардың моральды-психологиялық күйін жақсарту;

- денешынықтыру мәдениеті салаларындағы және спорттың бұқаралығына көмектесу;

- қоршаған ортаны және жануарларды қорғау;

- тарихи, мәдени немесе табиғат қорғаушылық маңызы бар объектілер мен территорияларды қорғау және дұрыс ұстау.

«Әрбір мемлекеттің негізгі заңының басты мақсаты – жеке адам мен адамгершіліктің игілігі. Ал мұның өзі адамгершілік істің жоғары мәні» – деп «Социальное положение и уровень жизни населения России (– М., 1999), Российская социологическая энциклопедия (под редакцией Г.В. Осшюва. – М., 1998), Современная американская социология (– М., 1994), Асп Э.К. Введение в социологию (– М., 1998), Т.В. Кузнецова. Россия в мировом культурно-историческом контексте: парадигма народности (– М., 1999)», және басқа да ғылыми еңбектерде жазылған.

Ал нағыз құқық шын мәнінде адамгершіліктің табалдырығы – имандылық босағасы. Бұл адамгершілік пен имандылық босағасы мен та-

балдырығы барлық адамдарға ортақ міндет пен борыш қайткен күнде де әрбір адамның орындайтын талабы. Адамда мақсат көп. Бірақ солардың ішіндегі адамның ең жоғары мақсаты – рух, рухани даму, рухани жетілу болмақ.

Қайырымдылық институтын жетілдіру үшін оған кедергі болатын проблемаларды шешу маңызды. Осыған байланысты келесі қайырымдылық институтын жетілдіру бағыттарын бөліп айтуға болады.

Құқықтық қадам. Әрине ол қажетті қайырымдылықты ынталандыруға бағытталған заңдар қабылдау қажеттілігі. Ол қайырымдылықты жүзеге асыру үшін бар жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесін жетілдіру, жақсарту қажет.

Әлеуметтік қадам. Бұл жерде әлеуметтену мәселесін айтуға болады, яғни қайырымдылықтың негізі болатын әлеуметтік жауапкершілікті жастайынан тәрбиелеу.

Нарық субъектісінің экономикалық мінез-құлығының маңызды компоненті индивидтің, өнеркәсіп немесе мемлекеттік органның қабылданатын шешімдері мен әрекеттеріне әлеуметтік жауапкершілігі болып табылады. Әрбір адамға өмір байланыстырғандармен қарым-қатынастардың (отбасы, достар, іскерлік салада) сапалы деңгейін сезіне отырып, өз кемшіліктерін көре алуды үйрену қажет, содан кейін ғана қоршаған әлемді өзгертуге тырысу керек.

Оқу орындары: мектеп, колледж, ЖОО-да қоғамның негізгі экономикалық және әлеуметтік ресурсы – мамандар, яғни шынайы нарықтық жағдайда эффективті шешімдер қабылдаудың негізгі қағидалары туралы білімге, корпоративті мәдениет қағидалары, коммуникабельділік, көшбасшы, әлеуметтік жауапкершілік секілді жеке қасиеттерге ие.

Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика жағдайында жұмысшының, ұйымның, мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігін тәрбиелеу ерекше маңызға ие болады.

Оқу орындарының мұндағы рөлі үлкен. Мектепте «Азаматтану» пәні өткізіледі, оның мақсаты жастайынан азаматтық ұстанымдарды, моральды қасиеттерді қалыптастыру. Ал ЖОО өзінің әлеуметтік жауапкершілігінде қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси модернизациясында өзінің қызметінің салдарын бағалауға қабілетті болуы қажет. Жоғары білімді мамандарды дайындау жөнінде барлық мүдделі топтар арасындағы қарым-қатынас сапасын қарауға мүмкіндік беретін әлеуметтік жауапкершілік жүйесін жасау қажеттілігі туды. Әлеуметтендіру агенттерінің әлеуметтік жауапкершілікті

жастайынан дамытуда рөлі зор. Әлеуметтік жауапкершілігі тәрбиеленген индивид болашақта өз қызметінің салдарын дұрыс бағалауға, өз әрекеттеріне, өзімен байланысты субъектілерге қатысты әлеуметтік жауапты болуға көмектеседі. Өйткені ол жастайынан санасына қондырылған болады және қоғамның тиімді, сапалы дамуына әсерін тигізеді.

Саяси қадам. Биліктің қоғамдағы қайырымдылық рөлін түсінуімен байланысты. Билік қоғамдағы мүмкін шиеленістерді, жанжалдардың орын алмауына, тұрақты дамуына мүдделі. Бұл шиеленістер, көбінесе, әлеуметтік мәселелердің шешілмеуінен, халықтың әлеуметтік қамтылмауынан, ол үшін мемлекеттің жағдай жасамауынан туындайды. Ал қайырымдылық бұл ретте үлкен көмек беруі мүмкін.

Моральды-этикалық қадам. Әлеуметтік жауапкершіліктің, соның ішінде қайырымдылықтың сапалы дамуы қоғамның моральды денсаулық деңгейін көрсетеді.

Мамандардың айтуынша, филантропия мен қайырымдылық құбылысын зерттеушілер оның деңгейі бірнеше факторларға тәуелді дейді. Экономикалық факторлармен қатар, қоғамда доминантты моральды-этикалық стандарттар, азаматтық қоғам құрылымының дамуы, азаматтардың мемлекеттік саясаттың қалыптасуына әсер ету қабілеті, олардың билікке және басқа қоғамдық институттарға сенімділігі, қоғам жағдайы үшін өзінің жауапкершілігін сезіну мен түсіну.

Алынған нәтижелер мемлекеттің сәйкес қайырымдылықты реттеу шараларын жасау үшін базаға айналуы мүмкін. Қайырымдылық мотивтері мен оның дамуын анықтайтын факторларды білу саналы құқықтық базаны құруға ғана емес, экономикалық субъектілердің қызмет эффективтілігін көтеруге мүмкіндік береді.

«Әлеуметтік саясаттың ұтымды моделі стратегияның үш түрі: әлеуметтік ынталандыру, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік бейімдеу арқылы жүзеге асады» – делінген Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез құлқын қалыптастыру тұжырымдамасында [4, 13 б.]

Әлеуметтік қамсыздандыру стратегиясы қоғам мүшелеріне әлеуметтік кепілдіктер, сондай-ақ мемлекет пен мекемелер тарапынан жәрдемге мұқтаж топтарды қорғауға бағытталған. Ол экономикалық саясаттың келеңсіз зардаптарын азайтуды, экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттілікті астастыруды мұрат тұтады. Бұл ретте мемлекет жетім балалар, мүгедектер, көп балалы отбасылар, еңбекке жарамсыз азаматтар

алдындағы өзінің әлеуметтік міндеттемелерін толығымен сақтап қалады. Әлеуметтік қолдау ең алдымен халықтың онсыз өмір сүре алмайтын тобына мақсатты әрі нысаналы сипатта көрсетіледі.

«Еліміздің әлеуметтік даму стратегиясының түпкі мақсаты – еңбекке қабілетсіз және дәулеті аз топтарды – зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларын, оқушы жастарды мемлекеттік қолдау және әлеуметтік жебеу жүйесін құру. Жұмыссыздық жөніндегі әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғаудың осы бағыттарын жүзеге асыру ең алдымен бюджеттен қаржы бөлу есебінен және әр алуан әлеуметтік қорлар мен қайырымдылық қаржылары арқылы жүзеге асырылатын болды» – дейді ел Президенті өзінің «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасу мен дамуының стратегиясы атты еңбегінде» [5, 17 б.]

Әлеуметтік жауапкершілігі жоғары әрі ісі оңынан туып тұрған кәсіпкерлер халықтың кедей, еңбекке қабілетсіз тобына көмекке келуі, әсіресе, өтпелі кезеңде ондай адамдардың заманнан түңілу сезімін бәсеңдетуге көмектеседі. Жалпы алғанда, өтпелі кезеңдегі әлеуметтік стратегияның құрамдас бөлігінің бірі нарықтық экономиканың әлеуметтік бағыттарының негізінде халықтың табысы аз және кедей топтары мен жіктеріне, Қазақстанның ауылдық аймақтарына белгілі бір ыңғайда назар аудару арқылы тұрмыс дәрежесінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Қысқаша түрде әлеуметтік стратегияның мазмұны мынаған келіп тоғысады: зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларды, балалар мен жастарды, сондай-ақ басқа да тұрмысы нашар азаматтарды әлеуметтік жағынан қолдаудың мемлекеттік саясатын жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңында азаматтарды әлеуметтік қорғауға кепілдік берген, міндетті әлеуметтік сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын құқықтың, ұйымдық және экономикалық негізін белгілейді.

Оларды зейнатақымен қамсыздандыру, еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша берілетін жәрдемақы, сауықтыру сипатындағы қызметтер, жұмыссыздық жағдайында әлеуметтік қолдау, міндетті әлеуметтік сақтандыру, бала туғанда берілетін және жерлеуге арнайы берілетін жәрдемақылар. Мүгедектерді және асыраушысынан айрылғандар мен жасына байланысты азаматтарды қамқорлыққа алу адам құқығын қорғау саласындағы бірден-бір өзекті мәселе. Оның айғағы, мысалы Қазақстан Республикасы-

ның өзге де нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздерде мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік, әлеуметтік жәрдемақылар алуға құқығы бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі Жалпы Ұлттық қор туралы жарлығын» жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөнінде Жалпы Ұлттық қор құру арқылы, оның қызметінің негізгі бағыттарын, яғни тұрмысы төмен азаматтарға материалдық, қаржылық ресурстарды беру, қызметтер көрсету әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуына жәрдемдесу болды, облыстарда халықтың табысы аз топтарын әлеуметтік қолдау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорлар құрылды.

Тәуелсіздіктің туын желбіреткен егеменді еліміз ешқашан өз қоғамының ешбір адамын сыртқа тебе алмайды, оған адамгершіліктердің, қоғамдық ұйымдардың, кәсіпкерлердің жалғыз басты аналарға, сүйеуі жоқ қарттарға көрсетіп келе жатқан көмектері дәлел.

Қайырымдылық әлеуметтік саясаттың бір саласы тұрғысында ғаламдық саясатқа айналуға. Біз, жоғарыда қазақ халқының қайырымдылық жаратылысынан бойына сіңген сапа екендігіне тоқталдық, өмір мұны растады, дәлелдеді.

Әл-Фараби: «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қайырымдылық пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды» – деп жазған [6, 45 б.]

Қазақстандағы қайырымдылық қорлардың ерекшеліктері Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастыққа енуінен кейін көптеген өркениетті елдерде қалыптасқан әлеуметтік әрекеттерді қабылдады және де олардың кең көлемде дамуына жағдай жасады. Мемлекеттер арасындағы қатынас әлеуметтік тілектестікке негізделді. Қазақстанның әлеуметтік қауымдастыққа енуі дәстүрлі өмір салтын өзгертті. Әлем елі өзара қауымдастыққа революциялық жолмен жүру арқылы енеді деген көзқарас күйреді. Адам баласы қоғамында жандану деп аталатын – жаңа кезең пайда болды [7,36 б.]

Халықаралық ұйымдардың өзара қарым-қатынасы күшейе түсті, соның нәтижесінде әлеуметтік ұйымдар, олардың ұйымдастырушылары өзара кең түсінікте бола бастады. Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың белсенді мүшесі. Соның нәтижесінде оның өтпелі кезеңдегі қиындықтарына қол ұшын бе-

ріп, халықтың әлеуметтік жағдайына көмектесу халықаралық сипат ала бастады. Бүгінде әлем түбірінен өзгерді, дүние жүзілік саясат өткен ғасырлардан өзгешелене түсті. Қазақстан Республикасы экономикасының дамуына көптеген шетелдік компаниялар мен қорлардың үлесі зор. Халықаралық сипаттағы қайырымдылық қорлардың пайда болуы Қазақстанның халықаралық әлемдік жүйеге енуіне және нарықтық қатынастардың қиыншылықтарымен тікелей байланысты. Халықаралық қорлар ел алдындағы қиындықтарды саналы түрде ұғынды, соған сәйкес әлеуметтік жағынан тұрмысы нашарланған халыққа қайырымдылық көмек көрсете бастады. Бұл сөз жоқ, халықтың тарапынан жақсы баға алды, олардың алғысын сөзбен жеткізу мүмкін емес. Екінші жағынан, қайырымдылық жасаған қорлардың, кәсіпкерлердің игілікті істері мемлекет тарапынан өз дәрежесінде қолдау тапты, әлеуметтік қолдау туралы заңдар қабылданғанда да ескерілді. Олай болса қоғамның демократиялық принциптерді іске асыруы халықтың осы стратегияға сенімін арттыруда.

Қазақстан Республикасының Конституциясында бегіленгендей, Қазақстан Республикасы – әлеуметтік мемлекет. Яғни, мемлекет өзінің бар мүмкіндігін, қамқорлығын өз қоғамының дамуына, ондағы азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге арнауға міндетті. Бүгінге дейінгі қол жеткізген табыстарымызды таразылар болсақ, егемендік, тәуелсіздік бізге тек қана ілгерілеуге және өркениетке қарай жол ашты. Енді еңкейген қарттарымыздан бастап, еліміздің болашақ жастары осы бағытта тоқтаусыз жұмыс істеуде. Нарықтық қатынастарға көшу жағдайы және оған сәйкес республикамыздың экономикасының тұралап қалуына байланысты жетім балаларды, көп балалы аналарды, жалғыз басты қарттарды, сонымен бірге тұрмыс жағдайы нашар азаматтарды әлеуметтік, құқықтық және материалдық жағынан қамқорлыққа алу мәселесі қоғам үшін маңызды сипат алып, оларды үкімет тарапынан шешу табанды түрде талап етілуде. 2030 жылға дейін «Қазақстан 2030» тұжырымдамасында Қазақстан халқының денсаулық сақтау, рухани толысу, өсіп-өркендеу мәселесіне белгілі бір дәрежеде белгілі бір орын берілді [8, 18 б.]

Осынау бір қоғамдық және ұлттық мәселелерді шешу мақсатында оған қол ұшын беру үшін Республикамызда көптеген қайырымдылық қорлары жұмыс істейді. Ол қорлардың атқаратын қызметі мен алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне қарай былай топтастыруға болады. Балалар қайырымдылық қорлары: Республика-

лық халықаралық «Бөбек» балалар қайырымдылық қоры; Алматы облыстық «Балбөбек» балалар қоры; Алматы қалалық «Бөбек» балалар қоры; Алматы қалалық «Эльдани» балалар қоры. Мүгедектерге қайырымдылық көмек қоры: Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жалпы Ұлттық қайырымдылық қоры; Республикалық «Бибіана» мүгедек әйелдер қоры; «Жан» атты мүгедек балалары бар отбасына көмек қоры; Республикалық мүгедектер қоғамы; Ауғаныстан ардагерлер комитеті қайырымдылық қоры; «Эльдорадо»; Алматы қаласы Бостандық ауданы мүгедектер қайырымдылық қоғамы; Қазақстан Республикасы Ардагерлер қоғамы. Рухани қорлар: «Шапағат» қайырымдылық қоры, «Иман» қайырымдылық қоры; «Қазығұрт» қайырымдылық қоры; Қазақстан Мұсылман Орта Азия комитеті қайырымдылық қоры; «Фатима» мұсылман әйелдерінің діни қайырымдылық ассоциясы; «Ұшақтағы госпиталь» халықаралық ізгілік қоры; Халықаралық «Ақ ниет» ізгілік қоры; Мәдениет пен өнерді нығайтатын қор; Халықаралық рухани бірлестік конгресі қоры; «Ардагер қаламгер» қайырымдылық қоры; «Абу-Даби» қайырымдылық қоры; «Қоныс» қайырымдылық қоры; Рухани және моральдік білім беретін халықаралық ұйымы; «Қожа Ахмет Иассауи» қайырымдылық қоры; Халықаралық «Нәзір» қоры; «Нұрилла-Домалақ ана» қоғамдық қайырымдылық қоры т.б. Тұрмысы төмен азаматтарға қайырымдылық көмек қорлары: Тұрмысы төмен азаматтарды қолдау жөніндегі жалпы ұлттық қор; Д.А. Қонаев атындағы зейнетақы қоры [9, 36 б.]

Қайырымдылық қорлары тегін тамақ, арзан киім-кешек, азық-түлік берумен қатар, олардың қайсыбіреулерін жұмысқа орналастыруда. Жаңа жұмыс орындарын ашуда да игілікті істерді жүзеге асырып жатыр. Қазақстан қоғамы жаңа нарықтық қатынасқа бейімделу, тұрақтану, дәрежесінде. Елімізде жаңа әлеуметтік жіктер, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлер қалыптасуда. Олар тез қарқынмен өнімдер өндіріп, оларды өңдеу, қызмет көрсету саласында елеулі табыстарға жетуде. Өмір көрсеткендей олар адамгершілікті, жомартшылықты, қайырымдылықты қоғамдық процесс есебінде түсінуде.

Қазақ халқының өмірінде тарихи қалыптасқан қазына – кемтарларға, мүсәпірлерге жетім жесірлерге көмек көрсету, оларды қорғау жаңа тарихи жағдайда жалғасын табуда. Олай болса, Қазақстан қоғамында басқа да өркениетті елдер сияқты, қайырымдылық арқылы халықты әлеуметтік қамтамасыз ету қоғамдық жүйенің бір саласына айналуға, сөйтіп олардың әлеуметтік мәні ашылуға.

Қайырымдылық қорларының игілікті ісі халқымызды рухани жаңаруына, олардың іс-әрекетіне баға беруге мүмкіндік берді. Қайырымдылық қорларының дамуы бүгінгі өмірдің талабына сай әр саладан өз орнын табуда. Көптеген қайырымдылық қорлары құрылып, миллиондаған адамдардың жағдайларын жақсартудың негізгі бұлағына айналууда. Сонымен қатар қайырымдылықтың тәрбиелік мәні де өте зор. Олай дейтін себебіміз қайырымдылық адамдарда ынтымақтастық, тілектестік, аяушылық сезімін қалыптастыруға мүмкіндік туғызып, олар-

дың шығармашылық жігерін арттырып, елдің нағыз азаматын тәрбиелейді.

Қорыта айтқанда біз қайырымдылық – қоғамдық процесс екенін және оның әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі болатынын айтамыз. Шын мәнісінде қайырымдылық адам қоғамына тән қасиет. Оның негізгі мақсаты – адам, оның өмірі, материалдық әл-қуатын түзеуге көмектесу, себебі, адам қоғамының объектісі және жігерлі субъектісі, оның бүкіл құрылымының жан-жақты өмір сүруі адамға, оның іс-әрекетіне тікелей байланысты болады.

Әдебиеттер

- 1 Жетім балалармен жұмыс әлеуметтік проблема // ҚАУ-нің 10 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Шымкент, 2004. – Б. 296-298.
- 2 Лафарг П. О благотворительности // Этическая мысль: научно-публицистическое чтение. / под.ред. Гусейнов Л.А. – М.: Изд-во Полит. лит., 1988. – 384 с.
- 3 Нурбекова Ж.А. Предпринимательство в современном казахстанском обществе. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 254 с.
- 4 Қазақстан Республикасы азаматтарының жаңа экономикалық мінез-құлық қалыптастыру тұжырымдамасы. – Алматы: Дәуір, 1995. – 13 б.
- 5 Айтбаева Ж.Қ. Қазақстанның үкметтік емес ұйымдары халықты әлеуметтік қорғау. – Алматы, 2008.
- 6 Қазақстанда жетім балалармен әлеуметтік жұмыс жүргізу мәселесінің құқықтық негіздері. – Алматы: Ұлт тағлымы, 2005. – № 4. – Б.314-318.
- 7 Жетім балаларды әлеуметтендіру // Әдістемелік құрал. – Шымкент: Жебе, 2007. – 37 б. (С.Ж. Піралиевпен, Р.Р. Масыровамен авторлық бірлестікте).
- 8 Жетім балалардың әлеуметтенуінің кейбір ерекшеліктері // Мектепке дейінгі және бастауыш білім: қазіргі жағдайы, даму тенденциялары және мәселелері халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2007. – Б.118-123.
- 9 Қазіргі таңда бала тәрбиесіне әлеуметтік педагогиканың маңыздылығы //15 years of independence of the Republic of Kazakhstan. Университеттің 5 жылдығына арналған «Педагогикалық білімнің өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Шымкент, 2007. – Б. 72-74. (Қ.Н. Ділдабаевпен авторлық бірлестікте).

References

- 1 Social problem in working with children orphaned // dedicated to the 10 years KAU of the international scientific practical conference. – Shymkent, 2004. – B. 296-298.
- 2 P. Lafargue about charity. Proc. Ethical Thought: scientific publicisticheskoe reading. /pod.red. Guseinov LA. - M.: Publishing House of Political views. Lighted, 1988. – 384 p.
- 3 Nurbekova J.A. Entrepreneurship in a modern Kazakhstan society. – Almaty: Kazakh university, 2005. – 254 p.
- 4 The concept of the formation of a new economic behavior of the citizens of the Republic of Kazakhstan. – Almaty: Dәuir, 1995. – 13 b.
- 5 Aitbaeva ZH.K. Social Protection of non-governmental organizations in Kazakhstan. –Almaty, 2008.
- 6 Legal bases of problems of social work with orphans in Kazakhstan. –Almaty: Ult taglymy, 2005. – № 4. – B.314-318.
- 7 Socialization of children orphans // methodological guide. – Shymkent: Zhebe, 2007. – 37 b. (S.Zh.Piralievpen, R.R.Masyrova with authorship)
- 8 Some features of socialization of children orphans// preschool and primary education current status, trends, problems materials of the international scientific practical conference. – Almaty, 2007. – B.118-123.
- 9 The role of social pedagogy in the modern education of the child devoted 15 years of independence of Kazakhstan and 5 years University Actual problems of teacher education materials of the international scientific and practical conference. – Shymkent, 2007. – B. 72-74. (K.N. Dildabaev with authorship)